

№ 2257 болып тіркелген "Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы" нұсқаулықты және "Ішкі істер органдарында алынып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулар мен оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен материалдарды, оқ-дәріні, суық қаруды қабылдап алу, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы № 111 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 7 мамырдағы № 261 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 21 мамырда тіркелді. Тіркеу № 2869

"Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. "Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы" нұсқаулықты және "Ішкі істер органдарында алынып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулар мен оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен материалдарды, оқ-дәріні, суық қаруды қабылдап алу, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы № 111 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2257 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген "Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы" нұсқаулықта:
мынадай мазмұндағы 74-1-тармақпен толықтырылсын:

"74-1. Қызметтік қару мен оның патрондарын өндіруге, өңдеуге, жөндеуге, сатуға, коллекциялауға, көрмеге қоюға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғаларға тек арнайы басылымдарда, сондай-ақ мамандандырылған көрмелерде немесе сауда жәрмеңкелерде жарнамалауға ғана рұқсат етіледі. Аталған жарнама тікелей немесе жанама түрде өндіру технологиясын ашпауы керек."

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер Бірінші вице-министрі полиция генерал-лейтенанты И.И. Оттоға, Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Ғ.Алпысбаев) жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Келісілді"

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы*

генерал-лейтенант

2004 жылғы 12 мамыр

"Келісілді"

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

армия генералы

2004 жылғы 14 мамыр

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

2004 жылғы 12 мамыр

"Келісілді"

*"Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар жөніндегі*

агенттігінің төрағасы

2004 жылғы 11 мамыр